

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕНІҢ НЫСАНЫ МЕН МАЗМҰНЫ

1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) Шарттың екінші тарабын университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі – Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шарт жасасу арқылы екінші Тарап университеттің саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

2. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, жеке немесе моральдық сипаттағы көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында коммерциялық сатып алу не Тараптар қызметкерінің өз қызмет жағдайын тараптардың заңды мүдделеріне қайшы өзге де заңсыз пайдалануы, Қазақстан Республикасының не болатын елдің және/немесе бизнес жүргізетін Тараптың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы жатады.

3. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болды немесе болуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауға байланысты екінші Тараптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпарат не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпарат алған кезде), мұндай Тарап бұл туралы басқа Тарапты тиісті фактілерді (бұдан әрі - хабарлама) көрсете отырып, жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және екінші Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болмағаны немесе болуы мүмкін еместігі туралы растау алынғанға дейін шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген Растауды екінші Тарап хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынуы тиіс.

4. Университет сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелері сақталған кезде екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы.